

**"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 739 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 860 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 739 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 44, 398-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу ережесінде:

«2. Үкіметтік қарыздарды тіркеу мен есепке алу» деген бөлім: мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1. Мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарттардың түпнұсқаларын сақтау тәртібі «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен регламенттеледі.»;

«3. Ұлттық Банктің қарыздарын тіркеу мен есепке алу» деген бөлім: мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Ұлттық Банк тартқан қарыз шарттарының түпнұсқаларын сақтау тәртібі Ұлттық Банктің ішкі нормативтік актілерімен регламенттеледі.»;

«4. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын тіркеу мен есепке алу» деген б ө л і м :

мынадай мазмұндағы 22-1 және 22-2-тармақтармен толықтырылсын:

«22-1. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз шарттарының түпнұсқалары қарыз шарттарының сақталуына жауапты құрылымдық бөлімшеде, арнайы бөлінген сейфте с а қ т а л а д ы .

22-2. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз шарттарының қолданылу мерзімі өткеннен кейін қарыз шарттары белгіленген тәртіппен мұрағатқа беріледі.»;

«6. Мемлекеттік кепілдіктерді тіркеу және есепке алу» деген бөлім: мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-тармақтармен толықтырылсын:

«32-1. Мемлекеттік кепілдіктердің бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық

уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшелері басшыларының бұрыштамалары бар түпнұсқалары бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның олардың сақталуына жауапты құрылымдық бөлімшесінде арнайы бөлінген с е й ф т е с а қ т а л а д ы .

32-2. Мемлекеттік кепілдіктердің түпнұсқалары мемлекеттік емес қарыз алған түпкілікті қарыз алушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін сақталуға жатады.»;

«8. Мемлекет кепілгерліктерін тіркеу және есепке алу» деген бөлім: мынадай мазмұндағы 41-1 және 41-2-тармақтармен толықтырылсын:

«41-1. Мемлекет кепілгерліктерінің бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшелері басшыларының бұрыштамалары бар түпнұсқалары бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның олардың сақталуына жауапты құрылымдық бөлімшесінде арнайы бөлінген с е й ф т е с а қ т а л а д ы .

41-2. Мемлекет кепілгерліктерінің түпнұсқалары мемлекеттік емес қарыз алған түпкілікті қарыз алушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін сақталуға жатады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*